



ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕ


«Көзіміздің тірісінде бедеуліктен
құтылатынымызға сенгім келеді»

Махмет Тұмарбеков

АЙДАРЫМЫЗДЫҢ ҚОНАҒЫ

«Біз үшін бақыт – ол ғажап балалардың
ата-анасы болу»

Анна Кубашева




*Ежедневно Институт Репродуктивной Медицины
делает уверенные шаги навстречу новым
технологиям, чтобы каждая семья в нашей
стране имела возможность стать по-настоящему
счастливой и полноценной*

ИНСТИТУТ РЕПРОДУКТИВНОЙ МЕДИЦИНЫ

приглашает молодых и здоровых женщин и мужчин для участия в программах лечения бесплодия в качестве суррогатных мам, доноров яйцеклеток и спермы

ТРЕБОВАНИЯ К ДОНОРАМ ООЦИТОВ:

- возраст от 18 до 35 лет;
- наличие собственного здорового ребенка;
- отсутствие выраженных фенотипических проявлений;
- удовлетворительное физическое, психическое и репродуктивное здоровье, подтвержденное заключением медицинской организации



ТРЕБОВАНИЯ К СУРРОГАТНЫМ МАМАМ:

- возраст от 20 до 35 лет;
- наличие собственного здорового ребенка;
- отсутствие психических, соматических и генетических заболеваний;
- удовлетворительное физическое, психическое и репродуктивное здоровье, подтвержденное заключением медицинской организации



ТРЕБОВАНИЯ К ДОНОРАМ СПЕРМЫ:

- возраст от 18 до 35 лет;
- отсутствие отклонений в нормальных антропометрических и фенотипических признаках;
- удовлетворительное физическое, психическое и репродуктивное здоровье, подтвержденное заключением медицинской организации



ШКОЛА ЭКО

Уважаемые пациенты! Рады сообщить вам, что возобновлена деятельность школы ЭКО.

Цель Школы – подготовка пациентов перед консультацией репродуктолога, полное информирование о методах вспомогательных репродуктивных технологий, а также о гистеролапароскопии.

Школа ЭКО – это лекция в формате интерактивного урока.

Занятия для пациентов ИРМ проходят на бесплатной основе по предварительной записи.

Расписание Школы ЭКО:

Ежедневно,
по будням.

Место проведения –

конференц- зал, каб. 206, 2 этаж
Преподаватель -
Шахнович Филипп Евгеньевич

Дополнительную информацию можно получить по телефонам::

+7 (727) 234-34-34; +7 (727) 234-37-37

Институт репродуктивной медицины

Алматы, ул.Толстого, 99, уг.ул. А.Байтурсынова

www.irm.kz

Ұйымдық басылым

№5, (21), қараша, 2017

Бас редактор

Тамара Жүсібалиева,
Репродуктивтік медицина
институтының директоры

Шығарушы редактор

Айгүл Бәсен

Дизайн, беттеу

Никифорова Оксана

Меншік иесі: «РМИ» мекемесі

Редакция мекен-жайы:

Алматы, Төле би, 99

Жарнама бөлімі:

Юлия Ахмеджанова
(a.juliya@irm.kz)

www.irm.kz

«Манхэттен Принт» ЖШС
баспаханасында басылған

ҚР, Алматы қ., Кочина, 4,
Тел.: +7 (727) 328 97 43

Таралымы – 2 000 дана

Мерзімдік басылымды есепке қою
туралы №14607-Г күәлігі 31.10.14 ж.
ҚР байланыс және ақпарат агенттігімен
берілген

Редакция авторлардың ойын арқа-
шанда қолдай бермейді. Жарнаманың
мазмұны үшін жарнама берушілер
жауапты. Жарнама берушілер ҚР ДМ
тіркелмеген, рұқсат етілмеген дәрілік
құралдарды және медициналық мақ-
саттағы бұйымдардың жарнамасы
үшін жауапкершілік туралы ескертіл-
ген. Материалдарды қайта басып шы-
ғарғанда "IPRM INFO" сілтеме жасау
міндетті.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАНДАР!

Біздің әлемде адам денсаулығын сақта-
удың зор мүмкіндіктері барын білгеннің
өзі қуантады. Күн сайын медицинада бір
жаңалық пайда болады. Медицина әрдай-
ым дамып, бірегей жабдықты жасап шыға-
румен және ауруларды емдеудегі жаңа
құралдармен таң қалдырып, ешқашан бір
орында тұрмайды.

Емделушілеріміздің көңілдеріне шын
жүректен ортақ болып, біз де, әрине,
алдыңғы қатарлы технологиялардан
қалыспауға тырысамыз. Біздің инсти-
тутымыздың бүкіл жұмысы сіздің денса-
улығыңыздың мүддесін, аңсаған бала-
лардың дүниеге келу мүддесін көздейді.

РМИ-да соңғы уақыттағы зор оқиға жаңа филиалдың ашылуы болғанын қуана айтқым
келеді.

Әлеуметтік-медициналық тұрғыдан сондай маңызды нышанды құруға бедеуліктен ем-
делу барысында жоғары технологиялардың көмегіне халық сұранысының өсуі негіз
болды. Қазақстанда сапалы медициналық қызметтерге сұраныс артып, «медициналық
туризм» дамып келеді. Соңғы екі жылда Алматыға жақын және алыс шетелден келген
емделушілердің саны өсті. Осы себептерді ескеріп, ЭКҰ орталығының филиалын ашу
туралы шешім қабылданған болатын. Бұл жоба, бірқатар өндірістік мәселелерді шешуде
көмек және қолдау көрсетуімен Алматы қаласы әкімдігінің қолдауына ие болды.

Жаңа емхананың жобасы барлық заманауи талаптарды ескеріп жасалды және әлемдік
сапа стандарттарына сәйкес болып табылады. Бастапқы кезден-ақ РМИ ұдайы даму және
жетілу қағидаларын ұстанып келеді. Біздің емделушілеріміз оларға бедеулік мәселелерін
шешу жолында үйлесімді үздік көмектің көрсетілетініне нақты сенімді бола алады.

Мен бәріңізге денсаулық және армандарыңыздың орындалуын тілеймін!

Біздің irm.kz сайтымызға және Facebook пен Instagram желілеріндегі парақшаларымызға
кіруді ұмытпаңыздар. Онда сіз соңғы жаңалықтарды, бәрін мазалап жүрген сұрақтар-
дың жауабын біле аласыздар және қажет жағдайда қолдау таба аласыздар. Бізді пайдаға
асыра, рахаттанып оқыңыздар!

**Жүсібалиева
Тамара Мұфтахқызы,
Репродуктивтік медицина
институтының директоры**





Көзіміздің тірісінде бедеуліктен құтылатынымызға сенгім келеді

Репродуктивтік медицина институтында дарынды дәрігерлерден тұратын үлкен ұжым жұмыс істейді. Біз өз айдарымызда олар туралы әңгімелеуді жалғастырамыз. Бүгін сіздерді керемет маман, ирониялы және харизмалы адам – РМИ филиалының медициналық директоры, репродуктолог дәрігер **Махмет Қанышұлы Тұмарбековпен** таныстырсақ дейміз.

Сәлеметсіз бе, Махмет Қанышұлы! Сіздің бірталай жұптардың ата-ана болуына септігіңіз тиді. Сол адамдарға және көмегіңізге әлі де мұқтаж жандарға Сіз туралы көбірек білген қызық болады деп ойлаймын. Айтыңызшы, Сіздің мамандыққа жолыңыз неден басталды?

Мамандықты таңдауыма не ықпал етті дейсіз бе? Білесіз бе, бәрі «Балкон» фильмінен басталды, ол есіңізде ме? Сондағы маған қатты әсер еткені операциялық бөлмеде хирургтың жұмыс істеген көрінісі. Мен көріп отырып ойладым: «Осы хирург болған күшті шығар. Және операциялық шамдардың астында адамның ішіндегі мүшелерді ине-жіппен тіккен керемет болар!» деп. Әрине, менің хирург мамандығын елестеткенім тым қарапайым еді және маған бәрі ойыншық құрастырғыштай көрінді, бірақ медицинаға деген сүйіспеншілік тап сол кезде пайда болды. Оған дейін мен сәулетті армандап едім, ол сол беті менің ақ арманым болып қалды. Мен әлі де көп сурет саламын – қандай да бір үй жоспарларын, сол үйлерді жабдықтау жоспарларын. Маған мұны ұшақта отырып, қолымда қалам мен қағаз және ойлануға уақыт болғанда істеген ерекше ұнайды. Әрине, қазіргі уақытта жаңа құрылыс материалдары барда сәулет маған аса қиын болып көрінеді, оған қабілетім жетер ме еді, білмеймін. Себебі, егер сәулет ол қатып

қалған музыка болса, онда мен қазіргідей сәулет өнері үшін қабілеті жетерлік музыкант емес болармын, мен аздап консервативті адаммын.

Сіз медицинаны таңдағаныңызды дұрыс деп ойлайсыз ба?

Иә-иә, өзге мамандықтарға қарағанда, маған медицинада өз-өзімді ашу әлдеқайда жеңіл. Меніңше менде медицинада импровизациялық еркіндік бар, өйткені медицина да өз алдына шығармашылық қой. Гиппократ айтпақшы, «Медицина – өнер атаулының ең қиыны». Сосын маған тағы Парацельстің «Дәрігердің өмірі – ерлік» деген сөзі ұнайды. Осымен бәрі айтылып тұр ғой. Яғни, дәрігер болған екенсің, онда бүкіл жан-тәніңмен, ой-санаңмен дәрігер бол.

Ал Сіз медицина қызметкерлерінің отбасынансыз ба?

Жоқ, мен медицина қызметкерлерінің отбасынан емеспін. Алайда, мамандықты таңдауыма отбасымның да септігі тиді. Сегізінші сыныпты бітіргеннен кейін мені медициналық училищеге жіберуді ұйғарды. Тура сол кезде КСРО ыдырап, быт-шыт болған тоқсаныншы жылдардың басы болатын, мектептерді нашақорлық жайлап алған сұмдық заман еді. Менің қанша сыныптасым қайтыс болды сол кезде! Сонда ол ғалымдардың, профессорлардың

балалары болатын. Менің сыныбымнан қазір тірі жүргендер санаулы ғана. Сөйтіп мен медучилищеге, фельдшер-лаборант мамандығы бойынша лабораториялық диагностика бөліміне түскенімде, менің мүлдем басқа, қызық өмірім басталды. Бәрі ересектердікіндей, тіпті мектептегідей емес болды. Онда ата-аналар жиналысы, каникул деген жоқ, тоқсанның орнына семестр, сабақ мектептікінен екі есе ұзақ, ауруханада жүргендей ақ халат киіп жүресің. Бізге, тіпті, стипендия төлейтін және біздің өз ақшамыз бар болатын, оны қалауымызша жұмсай алатынбыз. Сол кезде, 90-91 жылдары 25 сом кәдімгідей ақша болатын.

Бірде мен жұлдыз жорамалынан сарышаяннан жақсы диагност шығады дегенді оқыдым, ал мен сарышаянмын. «Тағдырдың өзі мені алға жетелеп барады» деп ойладым. Айтпақшы, медучилищені мен қызыл дипломмен аяқтадым. Қалай екенін өзім білмеймін. Мектепте әрең оқушы едім, ал мұнда аяқ асты оқуға қызығып кеттім. Менен сабақ оқуды ешкім талап еткен жоқ, оқылмаған сабақ үшін ешкім ұрысқан жоқ, оқытқан нәрсенің бәрін танып білуге өзім құмар болдым.

Яғни, жас жігіт білім үшін өзінің жеке жауапкершілігін түсінген ғой?

Иә, тап солай шығар.

Сонда да, неге гинекология мен репродуктология? Шешім қалай пайда болды?

Медучилищені бітірген соң мен медицина институтына түстім. Ол кезде студенттер арасында урологтың оқуы сән болды, өйткені Урология институты ашылған еді, онда кілең жұлдыздар жұмыс істейтін және оның жабдығы ең жаңа болатын, әрине, балалардың бәрі сонда ұмтылатын. Мен де олардан шет қалмадым, мен де уролог боламын дедім, бірақ урологиядан сынақ тапсыра алмадым. Қысқасы, урология маған бұйырмады.

Сонда мен хирург боламын деп шештім. Хирургия – ол сол баяғы «Балкон» фильмінен туған арманым еді. Бірақ институтты бітіргеннен кейін маған хирургтың жұмысы табылмады, мен тек Онкология мен радиология ҚазҒЗИ реанимация және интенсивті терапия бөлімшесіне анестезиолог болып жұмысқа орналаса алдым. Бұл мен үшін қиын жыл болғанын айту керек. Адами тұрғыдан қиын болды. Институтты бітіре салып онкологияға, оның үстіне реанимацияға түстім! Жүрегім сыздап, әр пациент үшін жаным ауыратын, әйтеуір, өте қиналдым...

Онда тура бір жыл істеген соң әлі бәрі есімде тұрғанда дереу хирургияға бару керек деп шештім, онымен қоймай, жедел хирургияға барғым келді. Мен оны жүз проценттік медицина деп санайтынмын, адам саған қиын мәселемен келді, ал сен оның мәселесін бірден шештің. МЖЖА-ға (БСМП) құжатымды өткіздім де, жедел гинекология бөлімшесіне қабылдандым. МЖЖА-ғы жұмыс қарқыны өте қиын болатын, күндер зулап өтіп жатты. Көзді ашып жұмғанша үш жыл өте шықты. Мен, тіпті, өзімді аздап жедел гинекология шебері деп есептей бастадым. Алайда мен ұмтылған бағытым жедел хирургия жайында әлі де түк білмеген едім. Бірақ, білесіз бе, сол үш жылдан кейін мен толыққанды гинеколог дәрігер бола алатын, өзім операция жасай алатын, шешім қабылдай алатын, мейірбикелердің құрметі мен сеніміне лайық болған кезімде еш нәрсені өзгерткім келмеді, бәрін қайтадан бастағым келмеді – қайтадан жас дәрігер болып, біреуден әлденені сұрап, немесе операцияда тек жай көмекші болғым келмеді. Жас дәрігер үшін операциялық мейірбикелердің сенімі өте маңызды, олар енді саған жөн сілтемейді және саған «сіз» деп сөйлейді. Әрі-беріден соң өзіңді маңызды сезінесің! Енді хирург болу үшін бәрін қайтадан бастаймын ба? Жоқ, менің жүйкем оған шыдамас еді. Міне, гинеколог боламын деп солай шештім.

Ал енді репродуктология соның салдары. Бірде мен ЭҚҰ орталығына келіп, орталық дәрігері Людмила Бадельбаеваны кездестірдім. Ол маған ЭҚҰ орталығының қызметі жайында әңгімелеп берді, маған оларға жұмысқа келуге кеңес беріп, міндетті түрде менің қолымнан бәрі де келетінін айтты. Оның осы сөздері мен үшін аса маңызды болды. Мен: «Несі бар? Мен медучилищеде лабораториялық диагностика оқуын бекер оқымаған шығармын. Ол қандай да бір ұсақ клеткалармен және микроскоппен өте көп жұмыс болатын. Маған микробиология өте қатты ұнайтын, және ол микроскоппен қарап отырып адамның жыныс жасушаларын будандастыратын ЭҚҰ-ға қатты ұқсайтын шығар. Қолымнан келуі керек, ең болмағанда микроскопқа қарай аламын ғой» деп ойлады. Әрине, репродуктологтың жұмысы мұнымен еш байланысты емес, бірақ сол мектептің маған пайдасы тимеді деп айта алмаймын. Мен Мәскеуге барып репродуктология бойынша маманданудан өттім де, қайтып келіп ЭҚҰ орталығында жұмыс істей бастадым. Әйелдің етеккір циклын түсіну үшін УДЗ жасауға өте көп уақыт жұмсағаным есімде. Үш жыл дерлік менің қабылдауым күніне 5-6 әйелден тұратын, олардың әрқайсысымен бір сағат жұмыс істейтінмін. Мен, тіпті, пациентке қарап, қазір оның етеккір циклының қай сатысы болып жатқанын түсіне бастадым.

Махмет Қанышұлы, Сіздің мамандыққа келген жолыңыз расында да тура болмапты! Оқырманға өзіңіздің алғашқы ЭҚҰ бағдарламаңыз туралы айтып беріңізші.

Менің алғашқы ЭҚҰ бағдарламам есімде өте жақсы сақталды. Олар Петропавлдан келген жұбайлар болатын. Әйелдің анамнезінде кіші кесар тілігі бар. Пациент қабылдауға келгенде мен оған ешқашан ЭҚҰ бағдарламасын жасап көрмегенімді



шын айттым. Бірақ егер ол келіссе, онда ол менің алғашқы пациентім бола алады дедім. Неге екенін, ол бас тартады деп ойлады. Бірақ ол әйел маған сенемін деп жауап берді. Содан біз екі эмбрион қондырдық, анамнезінде кіші кесар тілігі бола тұра – қазір бұл, әрине, бір лаңкестік болып көрінеді. Сонда, сенесіз бе, эмбрионның екеуі де сіңісіп, әйел шекесі торсықтай екі ұл туды!

Қосалқы репродуктивтік технологиялар адамзат дамуындағы салыстырмалы тұрғыда жаңа белес, ал енді ғана бастаған дәрігердің алғашқы бағдарламасы бірден сәтті болды. Өзіңізді тағдыр шешуші болып сезіп қалған жоқсыз ба?

Өзімнің алғашқы бағдарламамды мен Вадим Евгеньевич Полумисковпен бірге өткіздім. Пациент маған телефонмен сүйінші хабарды жеткізгенде үйімде диванда жатқаным есімде. Орнымнан атып тұрдым да, ойлады: «Менің алғашқы бағдарламам бірден сәтті болды! Репродуктолог болуды маған құдайдың өзі бұйырып, қасиет дарытқан болар!» деп. Оның үстіне ол жылдары бағдарламалардың нәтижелілігі де, техника да қазіргідей емес болатын. Әрине, мен табысқа масайып, екінші бағдарламамды өзім жеке жасауды ұйғардым. Диагнозы ұқсас әйелді таптым, оның да жасы



алғашқы пациентімнің жасындай болды шамамен, бағдарламаны да оған мен туп-тура Вадим Евгеньевич көрсеткендей жасадым. Содан не болды дейсіз ғой. Түк те болмады. Одан кейін бірінен соң бірі 17 бағдарламам сәтсіз болды. 17! Әркез мен міне болады, міне болады деп ойлайтынмын, бірақ түк шықпады! Бұл 9 ай жалғасты. 9 ай бойы теріс нәтиже! Мен түңілудің түбіне жеттім, енді ешқашан, ешқашан ештеңе шықпайды деп ойлай бастадым. Бақытыма орай, оның артынан жолым ашылып, бірінен соң бірі 15 бағдарламам сәтті болды. Сонда мен өзіме өзім былай дедім: «Енді тек ешқашан құдай маған қасиет берді деп ойламасам екен!» Мен бәрінің қаншалықты өткінші екенін және бұл өмірдегінің бәрі біздің қолымызда тұрмағанын түсіндім. Жаймен, тәжірибе жинай жүріп, менің нәтижелілігім орталықтағы барлық дәрігерлердікіндей орташамаға келді. Мен белгілі бір дәрігердің табыстылығы, оның нәтижелілігі оған келген пациенттердің орташа тобына байланысты деп санаймын.

нашар жұмыс істей алмаймыз. Көбінде себебі біздің мойнымызда өз пациенттеріміз үшін зор жауапкершілік бар. Олардың көбімен біз жылдап жұмыс жасаймыз және олардың ЭКҰ бағдарламасына қанша күш пен қаражат жұмсайтынын көреміз. Біз аптасына 7 күн дерлік жұмыс істейміз және күн-түн демей кез келген уақытта пациенттің қоңырауына жауап беруге дайынбыз. Біз үшін пациенттер деген ол жай аты-жөні немесе оң не теріс тест емес, әр ЭКҰ бағдарламасының артында сен жақсы білетін адам, оның тағдыры тұр. Жалпы ЭКҰ-да дәрігер мен пациенттің арасындағы эмоциялық байланыс өте күшті, ол дәрігерге ауыр әсер етуі мүмкін. Бірақ басқаша бола алмайды.

РМИ қызметкерлері түрлі репродуктология конгрестеріне қатысады. Біз Еуропа мен Ресейдің жетекші емханаларына барамыз және олардың тәжірибесін: менеджментін, пациенттермен жұмыс тәжірибесін, дәрігер жұмысының құрылымын үйреніп, бізге енгізсе, жақсы

Медициналық директор ретінде мен өзім үшін үш міндет қалыптастырдым. Сол біздің орталықтың философиясы болады деп үміттенемін.

Біріншіден, ЭКҰ бағдарламасы жылдам болуы тиіс. Адамдар бағдарлама басталғанға дейін де, бағдарлама барысында да кезекте ұзақ тұрмауы тиіс. Мен әйел үшін ЭКҰ – ол шабыт деп санаймын. Таңертең ол ұйқыдан оянып, болды, уақыты келді деді. Және ол кесте бойынша жазба кезегін ұзақ күтпей, бірден дәрігердің қабылдауына келе алуы тиіс.

Екіншіден, ЭКҰ бағдарламасы қауіпсіз болуы тиіс. Әйел үшін де, дәрігер үшін де. Яғни, дәрігер әйелдің денсаулығын тәуекел ете алмайды, овуляцияны ынталандырушы бүкіл дәрі-дәрмек әйел денсаулығына кері әсерін тигізбеуі тиіс. Бұл көп ұрықты жүктілікке де қатысты. Әйел денсаулығына кері әсерін тигізуі мүмкін нәрсенің бәрі міндетті түрде дәрігерге де қатысты болады. Пациенттің мәселесі – ол дәрігердің де мәселесі.

Үшіншіден, ЭКҰ бағдарламасы жағымды болуы тиіс. Шет елде бір жерде – Кореяда, Түркияда немесе Санкт-Петербургте ЭКҰ бағдарламасын жасатқан әйелдердің, сол бағдарлама сәтсіз болған болса да, бәрібір келесі жолы сол жерге сол емханаға барғылары келеді, және бұл жиі кездесетін жағдай. Білесіз бе, неге? Өйткені сол емханада олар үшін барлық жағдай жасалған және олар жайбарақат жүрді. ЭКҰ орталығы емдеудің бүкіл сатыларында пациент үшін ыңғайлы болуы тиіс – оның көңілі ауырмауы керек, оған жақсы болу керек. Құрсақ көтеру ол табиғи үрдіс және ЭКҰ бағдарламасы бұл үрдіске үйлесе кірістірілуі қажет.



РМИ жаңа филиалында Сіз репродуктолог дәрігердің жұмысымен қатар медициналық директор қызметін атқарып жүрсіз. Сіздіңше ЭКҰ орталығы қалай жұмыс істеуі тиіс және Сіз өзіңізді кім болып көбірек сезінесіз, менеджер ме, әлде дәрігер ме?

ЭКҰ орталығы қалай жұмыс істеуі тиіс? Белгілі бір стандарттар бар, біз – дәрігерлер – аспауға тиісті шектер бар. Біз қандай да бір этикалық және моральды нормаларды бұза алмаймыз, біз

болар еді, әрине. Біз дәрігерлер шығармашылығының еркіндігі үшін белгілі бір әрекет аясын тауып, жасап шығарамыз деп ойлаймын, бірақ сонымен қатар бізде нақты ережелер болады және менің дәрігер ретінде жұмыс істеуіме менеджерге қарағанда уақытым көбірек болады деп үміттенемін.

Бұл дәрігердің міндеттері, ал филиалдың медициналық директоры ретінде алдыңызға қандай міндеттер қоясыз?

Репродуктивті медицинаның саладағы аса қымбат бағыттардың бірі екені белгілі. Заманауи жабдық, шығын материалдары, дәрі-дәрмек – бәрі дерлік әлемнің озат өндірушілерінен және көп ақша тұрады. РМИ жаңа филиалының жабдықталуы жайлы толығырақ айтып берсеңіз?

РМИ филиалының жобасы барлық заманауи талаптарды ескеріп жасалған және әлемдік сапа стандарттарына сәйкес екенін мақтана айта аламын.

Емхананың ерекшелігі операциялық бөлім мен эмбриологиялық зертхананың «таза бөлмелер» болып жасалғанында, олардың желдету және микроклимат

жүйесі жалпы емханадан толығымен оқшауланған. Стерильді болу үшін қабырғалары металл тақталармен қапталған. «Таза бөлмелердегі» мұндай жүйелер жоғары әрі тұрақты клиникалық нәтижелерге жетуге және өсірілетін эмбриондарға шаң мен микробтардың араласуын жоққа шығаруға мүмкіндік береді.

Тағы бір ерекшелігі ең жаңа құрал-жабдықпен жабдықталуы болып табылады. Эмбриология зертханасына алты кірістірілген инкубаторы бар Planer (UK) ESCO MIRI (Singarour) планшеттік инкубаторлары орнатылған. Олар эмбриондарды үздіксіз өсіруге мүмкіндік береді, сонан олардың сапасы анағұрлым жоғары болады. Репродуктивті медицинада нағыз революция жасаған соңғы буын өкілі Time-Lapse ESCO инкубаторы орнатылған. Кірістірілген камерасының арқасында олар нақты уақыт тәртібінде өмірінің алғашқы күнінен бастап эмбрионның дамуын бақылауға және қондыру үшін ең сапалысын таңдауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ инвертті микроскоптарға жапондық ең жаңа микроманипуляторлар орнатылған, олар ұрықтандыруға жұмсалатын уақытты едәуір қысқартуға мүмкіндік береді.

Ал РМИ жаңа филиалының негізгісінен айырмашылықтары бар ма? Және Сіздіңше РМИ басқа ЭҚҰ орталықтарынан несімен ерекше?

Жақсы сұрақ. Мен жақында ғана біздің жаңа филиалымыз бен бұрынғы РМИ арасында не айырмашылық бар деп ойлағанмын, сөйтіп, еш айырмашылығы жоқ екенін түсіндім – бұл біртұтас құрылым ғой, тек екі ғимараты бар. Иә, мұнда ең жаңа технология – «таза бөлмелер», ең жаңа жабдық бар, бірақ түбінде олар бірдей. Егер дәрігерлерді есептемей, тек ғимараты мен жабдығын қалдырса, дәл солай басқа да ЭҚҰ орталықтарының еш айырмашылығы жоқ. Себебі кез келген ЭҚҰ орталықтарында бәрі шамамен бірдей болады – эмбриологиясы, УДЗ аппараттары және басқасы, бірақ сонда да пациенттердің көбі тап РМИ-ды бөліп отырады. Менің ойымша, біздің РМИ-дың басты ерекшелігі – ол ЭҚҰ орталығының медициналық директоры Вадим Евгеньевич Полумисковтың жетекшілігімен жұмыс істейтін дәрігерлер мен эмбриондар тар командасы. Мен ол кісіні расымен де ең жақсы басшылардың бірі деп білемін.

Сонымен біз басқалардан дәрігерлер командамызбен және ұжым рухымызбен ерекшеміз. Біз ұйымшыл ұжымбыз, біз еркін ұжымбыз, біз ойымызды ашық білдіре аламыз және сонымен қатар біздің арамызда бізге тек пайдасы тиетін дұрыс бәсекелестік жақсы дамыған.

Сонда, бастапқыда Сіз репродуктолог болуға ұмтылмадыңыз, алайда тағдырдың өзі Сізді осы мамандыққа алып келген болып тұр ғой, және, ұялмай атайық, Сіз бұл салада үлкен жетістіктерге жетіп отырсыз. Айтыңызшы, Сіздің әрі қарайғы жеке өзіңізді дамыту жоспарларыңыз бар ма?

Иә, меніңше, әлемді кездейсоқ жағдай билейді. Мен жұмысымды жақсы көремін, мұнда шексіз дами беруге болады! Репродуктологияның өзі айтарлықтай жас сала, ол бір орында тұрған жоқ және жылдам дамып келеді. Жалпы, медицина біраз ілгеріледі. Біздің буын дәрігерлерінің даму тұрғысынан өте жолы болды деп ойлаймын – біз әрдайым уақыттан қалыспай келеміз, біз әрдайым алдыңғы қатардамыз. Жаңа орталық жеке маған өз келешегімді көре алатындай серпіліс береді деп үміттенемін.

Сіз «өз» балаларыңызды санап жүресіз бе?

Жоқ, жоқ, тағы да жоқ! Мен ешқашан не ЭҚҰ бағдарламаларын, не туылған балаларды санамаймын. Мен оны бұрыс ырым деп білемін. Тіпті, маған бұл кейде маңызды емес болып көрінеді. Сондай-ақ мен нақты бір әйелге дара ем тағайындайтын жеке жағдайға сенемін. Мен стандартты емге сенбеймін. Алдында айтқанымдай, медицина – ол шығармашылық және оны стандарттағым келмейді.

Мынандай дәстүрлі сұрақ – Сіз үшін отбасы деген не?

Отбасы өте маңызды. Отбасы – ол табиғи құбылыс, ол құрсақ көтеру сияқты, таңның атқаны сияқты, табиғаттың өзі си-



яқты. Сен бүкіл болмысыңмен жұмысқа ғана беріліп, бір аяғы жоқ мүгедек сияқты бола алмайсың. Сен отбасыңа уақыт таба білуің керек, әйтпесе жұмыста да өзіңді іске асыра алмай қаласың. Ал ер адам үшін іске асқан әрдайым бәрінен маңызды, ер адамның, оның үстіне дәрігердің басым бағыты – ол жұмыс. Әйелдер үшін отбасы бірінші орында болсын. Менің әйелім де дәрігер және ол мені, құдайға шүкір, түсінеді. Әрине, жұмыстан үйге келген соң мен мінсіз жар әрі әке бола алмайтын шығармын, есесіне менің ұмтылатын мақсатым бар. Мұнда тепе-теңдікті таба білу керек.

Махмет Қанышұлы, сондай жарқын, әзіл мен ақ көңілге толы әңгімеңіз үшін Сізге көп рахмет! Өзіңізге және пациенттеріңізге қандай тілегіңіз бар?

Дәрігерлермен бір бас қосқанда мен кабинетімнен шығып, орталықтың іші бос, адам жоқ болғанын көргім келеді дедім. Оны бәрі әзіл деп қабылдап, күле бастады, өйткені онда біз жұмыссыз қалар едік қой. Көзіміздің тірісінде бедеуліктен құтылатынымызға сенгім келеді. Шынымды айтсам, мен бұл сөзді өте сирек қолданамын, мен оны жақтырмаймын. Және мен ешқашан өз пациенттеріме «Сізде бедеулік» деп айтпаймын, мен үшін ол ең жаман сөз. Одан да бедеулік болмай-ақ қойсын.





Босанғаннан кейінгі контрацепция

Баланы туғаннан кейінгі алғашқы айларда қалаусыз жүктіліктің алдын алу әйелдің репродуктивті денсаулығын сақтаудың аса маңызды факторы болып табылады. Босанғаннан кейінгі кезеңдегі табиғи, бөгеттік, жатырішілік, гормондық және хирургиялық контрацепция әдістерінің артықшылықтары мен кемшіліктері жайлы РМИ акушер-гинеколог дәрігері **Хорун Валерия Геннадьевна** әңгімелеп берді.

Құттықтаймыз, сіздер балалы болдыңыздар! Сіздің отбасыңызда көптен күткен сәби, ал сонымен бірге көптеген жаңа міндеттер мен шаруалар пайда болды. Жас ата-ананың өмірі толығымен өзгерді, енді ол жаңа отбасы мүшесінің қажеті мен қалауына және көңіл-күйіне тәуелді. Тамақтандыру мен ұйықтату тәртібін ретке келтіруге біраз уақыт кетеді. Ал көп ұзамай жұбайлар өздерінің жыныстық өмірін қайтадан жалғастыруға дайын болады.

Дәрігерлер жыныстық өмірді босанғаннан кейін кемінде 6-8 апта өткен соң ғана жалғастыруға кеңес беретінін айта кеткен жөн. Оның алдында гинекологқа жоспарлы қарау қажет.

Әйел ағзасы босанған соң бірден келесі құрсақ көтеруге дайын болмайды, алайда ұрықтануы әбден мүмкін. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметтері бойынша әйел ағзасы бала көтеріп, емізгеннен кейін орта есеппен тек 2-3 жылдан кейін ғана толық қалпына келеді. Сондықтан, егер сіз жақын арада бала көте-

руді жоспарламасаңыз, онда сақтау қажет.

Бүгінде қалаусыз жүктіліктің алдын алуға көмектесе алатын әдістер жеткілікті. Бірақ босанғаннан кейінгі контрацепцияға қойылатын талаптар ерекше. Ең алдымен әдіс сенімді болуы тиіс, ана үшін де, бала үшін де қауіпсіз, қолданылуы оңай және бала емізуге әсер етпеуі тиіс.

Ең дұрысы әлі жүктілік кезінде кеңес алып, босанғаннан кейінгі контрацепцияның қолайлы әдісін таңдау. Босануға дейін үлгермедіңіз бе, онда перзентхананың дәрігерінен кеңес алыңыз. Егер бәрібір контрацепция әдісін таңдай алмаған болсаңыз немесе күдіктеніп, сұрақтарыңыз бар болса, онда жыныстық қатынасты жалғастырмас бұрын міндетті түрде гинекологтың кеңесіне жүгіну қажет, мысалы әйелдер консультациясына немесе отбасын жоспарлау орталығына баруға болады.

Лактациялық аменорея – бұл табиғи, қолжетімді және, дұрыс пайдаланған жағдайда, едәуір тиімді босанғаннан кейінгі контрацепция

әдісі. Оның мәні бала емізген кезде әйел ағзасында овуляцияға жауап беретін гормондар өндірілуінің едәуір төмендеуінде. Алайда бұл әдіс тек белгілі бір шарттар орындалғанда ғана тиімді. Біріншіден, баланы жиі емізу қажет, емізу арасындағы уақыт күндіз 4 сағаттан және түнде 6 сағаттан аспауы қажет. Екіншіден, бұл әдісті бала алты айға толғанша ғана қолдануға болады және бұл орайда балаға қосымша тамақ берілмеуі және әйелдің етеккірі келмеуі тиіс. Әдістің кемшілігі – егер аталған шарттардың ең болмағанда бірі орындалмаса, онда лактациялық аменорея әдісі жеткілікті тиімді болмайды және басқа қолайлы контрацепция әдісін іздеуге тура келеді.

Бөгеттік контрацепция әдістері де босанғаннан соң кеңінен қолданыла алады. Оларға презервативтер, түрлі спермицидтер мен мойын қалпақшалары жатады – бүгінде олар елімізде қолданылмайды, өйткені бірқатар кемшіліктері бар.

*Презервативтер босанғаннан кейін айтарлықтай жиі қолданылады, өйткені олар қауіпсіз, оңай қолда-

нылады, бала емізуге де, балаға да еш әсер етпейді және қалаусыз жүктіліктен ғана емес, сонымен қатар жыныстық жолмен берілетін жұқпалардан да қорғайды. Әдістің жалғыз ғана кемшілігі болуы мүмкін – ол презерватив жасалған материалға аллергиялық реакция.

*Спермицидтерге кремдер, гельдер, тығандәрілер жатады. Олар сүттің өндірілуіне әсер етпейді, оңай қолданылады. Олардың әсері аталық жыныс жасушаларын өлтіруінде. Әдістің кемшілігі – олардың тиімділігі презервативтерге қарағанда біршама төмен (60% жуық).

Бала емізген кезде гормондық контрацептивтерді қолдануға болмайды деген пікір қалыптасқан. Негізі олай емес. Іс жүзінде, құрамында эстрогендер мен гестагендер бар ішке қабылдайтын құрама контрацептивтерді алғашқы алты ай бойы ішпеген жөн, себебі эстроген сүттің өндірілуін төмендетуі мүмкін. Сондықтан бұл кезеңде тек прогестин негізді препараттарды қолданған жөн. Олар бала емізетін кезеңде қауіпсіз әрі тиімді. Бұл әдістің кемшілігі таблеткаларды қатаң тәртіппен

күн сайын дәл бір уақытта қабылдау керектігінде.

Жатырішілік контрацепция қалаусыз жүктіліктің алдын алудың жеткілікті тиімді әрі қауіпсіз әдісі болып табылады. Жатырішілік спираль – ол көбінде мыс қосылған (кейбір үлгілерінде күміс және, тіпті, алтын да қолданылады) инертті пластиктен жасалған кішкене құрал. Әрекет механизмі келесідей, жатыр қуысында ЖІС болуы аталық жасушалардың қозғалысын қиындатады да, ұрықтану мүмкін болмайды. Бұл әдістің артықшылықтарына сенімділік пен әсер ұзақтығын жатқызуға болады – кейбір жатырішілік жүйелер он жылға дейінгі мерзімге есептелген. Әдіс абсолютті қайтарымды болып табылады – яғни ЖІС алып тастағаннан кейін әйелдің фертильдігі бірден қалпына келеді. Әдістің кемшілігі анағұрлым көп, ауыратын және ұзақ етеккірдің болу ықтималдығы болып табылады. Сондай-ақ кейбір жағдайларда ЖІС болуы кіші жамбас мүшелерінің қабыну аурулары тәуекелін арттыруы мүмкін.



Хирургиялық контрацепция – өте сирек қолданылатын әдіс, тек қана басқа әдістер қандай да бір себептермен әйел үшін қолайсыз болатын, ал құрсақ көтеру әйелдің денсаулығына немесе өміріне қауіп төндіретін жағдайда ғана қолданылады. Әдіс келесідей орындалады, хирургиялық араласу барысында жатыр түтіктерін байлап тастайды. Бұдан былай құрсақ көтеру мүмкін болмайды. Әдісті қайтару мүмкін емес, оның тиімділігі 100% жуық. Күнтізбелік әдісті босанғаннан кейін пайдаланбаған жөн, өйткені етеккір жоқ немесе тұрақсыз болады. Қорыта келгенде, сізге және серігіңізге ыңғайлы, ана мен бала үшін қауіпсіз әрі жеткілікті тиімді болатын контрацепция әдісін таңдауда сізге тек қана білікті акушер-гинеколог дәрігер көмектесе алады дегім келеді.





Айдарымыздағы барлық оқиғалардың ортақ сипаты бар. Олар бақытты ата-аналар туралы. Мықты әйелдер мен ерлер туралы. Және олар бізге ата-ана болу жолында ешнәрседен қорықпау керектігіне жөн сілтейді.

Анна Кубашева:

“Біз үшін бақыт – ол ғажап балалардың ата-анасы болу”

Наркоздан кейін есімді жиғанымда маған Анкардың салмағы 4,2 кг, Әлидікі – 3,1 кг болып туылды деп хабарлады. Мен бұл кішкентай тіршілік иелеріне жаным тебіреніп қарап жаттым да, өте аралас сезімге бөлендім – жарты-ақ сағат бұрын олар ішімде тебісіп жатыр еді, ал енді, міне, жанымда пыс-пыс етіп жатыр. Біз ерім екеуміз оларды сонша жыл күттік, сонша жыл қолға алуды армандадық...

Ал басында бәрі оңай болмады. 2008 жылы мен Бурабайдан Алматыға келдім. Бұл өмірімдегі айтарлықтай ауыр кезең болатын – күрделі қарым-қатынас үзілген еді, көңілім өзгерістер мен тыныштықты қалайтын. Менің жаңа жұмысымдағы әріптесім Лиля маған оның бойдақ досымен танысуды ұсынды. Бірақ ол кезде менің қандай да бір қарым-қатынас жайлы ойлағым да келмейтін, әрине, мен бас тарттым. Оның үстіне мен мұндай әңгімелерді үзілді-кесілді доғаратынмын. Бірақ Лиля табанды қыз бо-

лып шықты, ол мендей әдемі, жақсы әрі мейірімді қызға жалғыздық жараспайды деп мені көндіруін қоймады. Ұра берсе, құдай да өледі демекші, бір жолы мен келістім. Телефондағы фотосуреттен мен әдемі зиялы жігітті көрдім, жалпы, маған ұнайтын типаж екен. Ол көзілдірік таққан болатын, неге екенін білмеймін, бірақ маған көзілдірік таққан адамдар міндетті түрде мейірімді әрі ақылды болып көрінетін. Бірақ бізді әдейілеп таныстырып жатқандықтан маған өте ыңғайсыз болды. Себебі адамдарды таныстырғанда әрі қарай қандай да бір қарым-қатынасты көздеп тұрғаны түсінікті ғой. Ал мен шығармашылық адамымын, және маған міндетті түрде қандай да бір романтикалық жағдайда кездесу керек болды, ал бәрі белгілі болып, жоспарланып тұрғанда еш қызық емес.

Екі аптадай мен Досмұхамедтің (бәрі оны Мұхаммед деп атайды) қоңырауларына мүлдем жауап бермей жүрдім, оған СМС-пен жауап беретінмін, өйткені

ұялатынмын және олай бір-бірімізді танып, тілдескен жеңіл деп ойлады. Телефон арқылы бір ай тілдескеннен кейін мен кездесуге келістім. Ол кездегі жұмысым ауысымдық болғандықтан біз күндіз сағат екіде кездесуге келістік. Бірақ мен түнгі ауысымнан кейін демалайын деп жаттым да, ақыры, ұйықтап қалдым. Алдағы кездесуді уайымдап, толқығанымның әсері болса керек. Телефоным қоңыраудан жарылып бара жатқаннан ояндым. Сағат 3.30 боқты. Менің адамды ыңғайсыз жағдайға қалдырғанымнан есім шығып, қоңырауға жауап бердім де, кездесуді кейінге қалдыру керек деп түсіндірдім. Бірақ ол кездесейік деп бой бермеді. Жағдайды елестетіңізші – мен болсам, Мұхаммедтің суретін көрдім ғой, оның маған ұнамды екенін түсіндім, ал ол мені тек ортақ танысымыздың сипаттап бергені бойынша ғана білді, әрине, ол мені күштілеп, әдемілеп сипаттап берді, бірақ сонда да, мені көрмесе де, сонша уақыт күтті! Мен кездесу алдында сұлулық салонына бармақ болғанмын –

алғашқы кездесуде естен тандыарлық сұлу болғым келді, ал іс жүзінде көзім ісіп кеткен, шашым жалбырап, асығыста әйтеуір киінген болдым. Менің өзіме деген көзқарасым тәуір болғанымен, бәрібір уайымдадым: «Ал ұнамай қалсам ше? Оның үстіне ұйықтап қалдым!» деп. Келген кезімде мен көзілдірік таққан биік бойлы сұңғақ жігітті көрдім, түрі тура фотосуреттегідей. Ал мені аса таң қалдырғаны – оның қолында үлкен хризантема гүлшоғы болды. Менің туған күнім күзде болғандықтан мен бала кезімнен күзгі гүлдерді жақсы көрем. Мүмкін басқа гүлдер менің көңілімді қаратпайтын да еді, оның үстіне мен Мұхаммед гүл алып келеді деп күткен де жоқпын. Бірақ сол хризантемалардың арқасында ол менің көңілімді бірден таба білді. Осылай біздің қарым-қатынас басталды. Бұл 25-қазан болатын. Екі жарым айдан кейін біз бірге тұра бастадық.



Менің ерім Тәжікстаннан, және олардың санасы, салт-дәстүрі бойынша отбасы міндетті түрде балалы-шағалы болуы керек екені түсінікті. Ол кезде мен өзімде гинекология жағынан қандай да бір мәселенің барын түсінгенмін. Мен көптеген түрлі тексерулерден өткен болсам да, өмірімде ешқашан бала көтермеген едім.

Екі жыл бірге тұрған соң, 2011 жылы біз Душанбеге Мұхаммедтің ата-анасына бардық. Мен қарапайым орыс отбасынан болған соң және тәжік отбасының салт-дәстүрлерін мүлдем білмей, түсінбегендіктен, олар мені қалай қабылдайды деп қатты уайымдадым. Бірақ оның отбасы мені өте жақсы әрі жылы қабылдады. Сонда болған үшінші күні ерім біздің некеміздің қиылатынын хабарлады. Мен дінге берілген адам емеспін,


бірақ ерім қалаған соң, әрине, келістім. Маған неке қиылған соң мұсылман болатынымды түсіндірді. Мен бәрібір емес пе деп ойладым, өйткені түбінде бәріміз бірдей адамбыз ғой.

Ерім менен бес жас үлкен, оның туыстары неге әлі балаларымыз жоқ деп сұрай бастады, жас емеспіз, уақыт болса, өтіп бара жатқанын айтты. Бұған мен жай-барақат жауап қайтара алмайтынмын. Өйткені барлық тексерілгенім мен емделгеніме қарамастан мен өмірімде бір де бір рет бала көтермедім. Жас кезімде бұған алаңдамайтынмын, бірақ уақыт өте уайымдай бастадым, ана болудың уақыты әлдеқашан келгенін түсінген едім. Жалпы мен балалар тақырыбы өте жеке әңгіме және оны бәрімен талқылауға болмайды деп ойлаймын. Ондай нәрсені сұрау тіпті де әдепсіздікке жатады деймін. Егер жұбайлардың балалары жоқ болса, оның міндетті түрде себебі бар деген сөз. Біз туа біткен аналық түйсікпен дүниеге келеміз, біз, оны түсінбесек те, бала кезде қуыршақпен ойнаймыз. Және егер сен бала көтере алмай, сол түйсікті жүзеге асыра алмай жүрсең, ол жаныңа қатты батады. Біз туыстарға әлі пәтеріміз жоқ, алдымен үй мәселесін шешу керек және т. б. деп сылтаураттық. Ерім туыстарына біздің қиындықтарымыз туралы тіс жармады, мені ренжітуі мүмкін артық сөзден қорғады.

Баяғыда, 2004 жылы менің жылауығы болған бір аналық безімді алып тастаған болатын. Хирург маған бір аналық безбен де бала тууға болатынын, тек оны кейінге ұзаққа қалдыруға болмайтынын айтты. Мен оған аса мән бермедім. Және біз ерім екеуміз балаларды жоспарлай бастағанда ғана, достар мен таныстардың айтуы бойынша қайтадан түрлі емханаларға бара бастадым. Дәрігерлер маған әр түрлі диагноздар қойды. Сонда да мен барлық тағайындаған емді ретімен қабылдап жүрдім. Сондағы ең қиыны ол ай сайын бала көтеретінімді күтіп, көтермегенімді түсінген кездегі күйзеліс болатын. Бір кезде біз ерім екеуміз қажыдық, жүйкеміз әбден шаршады. Кез келген қиын жағдайда, үмітің еш ақталмайтын, шыдамның шегіне жеткен сәт болатын шығар. Жағдайды өзгерте алмасаң, оған көзқарасыңды өзгерт дейді ғой. Мен де бір кезде сөйтіп шешім қабылдадым, егер маған бұйырып тұрса, онда ана болармын, ал егер бұйырмаса, онда болмаймын. Еріммен арадағы қарым-қатынас шиеленісе бастады. Мен ішімнен тынып, тұйықталып кеттім, ажырасуды ойлай баста-

дым. Мұхаммедті әке болып, өз баласын қолына алу қуанышынан айырғаным үшін өзімді кінәлай бастадым. Менде отбасымыздағы қарым-қатынастардың одан әрі нашарлай түсуіне қатты ықпал еткен кемсіну кешені пайда болды. Бұл өте қиын жыл болды, біз жиі ренжісетін-біз, мен ерімді әдейі шеттеттім. Күйзеліс жағдайым өте ауыр болды. Мен, тіпті, жүктілікпен және балалармен байланысты фильмдерді көре алмадым, көз жасым көл болып жылап, сабырға келе алмайтынмын. Сондай әділетсіз өмірге деген реніш маза бермейтін. Материалдық тұрғыдан ерім екеуміздің жағдайымыз өте жақсы деп айта алмаймын, бірақ біз екеуміз де деніміз сау тәуір адамбыз және бала сүюді шын жүректен қаладық. Сонда неге балаларды қаламайтындар да бала туып жатады, кейбіреулер оларды тіпті тастап та кетеді, ал біз сонша тырысып жүрсек те, еш нәтиже жоқ. Қазір соның бәрі есіме түскенде оның артта қалғаны қандай зор бақыт деп ойлаймын. Ол кезде мен енді ешқашан бала көтеріп, туа алмаймын деп ойладым. Мен сенімнен айырылдым. Мүлдем!

Мен еріме: «Саған бала туып беретін дені сау әйел тауып ал. Ал мен сені, балалары бар ата-аналарға қызғана қарайтындай бақытсыз қылғым келмейді», – дедім де, Бұрабайға анамдыкіне кетіп қалдым. Анам, әрине, мені қолдап, бәрі түзеледі деп жұбатты. Мен жұмысқа орналасып, тыныштала бастадым, енді ер адамдармен еш қарым-қатынас құрмаймын деп шештім – егер ақыры бала туа алмайтын болсам, оның мәні не болмақ? Мен жетімдер үйіне барып, бала асырап алуға қажетті құжаттар тізімін алдым да, керек анықтамаларды жинай бастадым. Жаңа жоспарларымның қамын ойлай бастадым – баламен қалай, қайда тұратынымды шешу керек болды, сүйікті әрі сүйетін қамқор ана болуды қалаған бір бөлек те, мүмкіндіктеріңе сай өмірге шынайы қарап, жауапкершілікті түсіну бір бөлек. Баланы ешкімнен кем қылмай бағып, өсіру керек – оны асырап, оқыту,





біреумен қалдыру керек, өйткені оның бәріне ақша табу керек қой. Осының қамымен жүріп мен жанымның жарасын жайлап ұмыта бастадым.



Ол кезде Мұхаммед мені қайтарам деген үмітін үзбей, менің туғандарыма, әпке-сіңлілеріме хабарласуын қоймаған болатын. Өзім онымен сөйлескен емеспін. Мен оны сүйдім және, әрине, онымен бірге болуды қаладым, бірақ сонымен бірге оны бақытсыз қылғым келмеді. Оның жүрегін ауыртқанша, қазір өз сезімдімді құрбан етіп, шыдай тұруды жөн көрдім. Бірақ уақыт өте мен шыдай алмай, еріммен хабарластым, сөйтіп сөйлестік. «Біз әлі мүмкіндіктің бәрін көрген жоқпыз ғой, ЭКҰ жасап көрейік» деді ол. Мен оған бізде ондай ақша жоқ, біз ата-ананың қолдауынсыз және пәтерсіз жүрген қарапайым адамбыз деп жауап бердім. Мұхаммед мені тырысып көруге көндірді. Біз мен қайтып келіп, жұмысқа орналасамын да, әр тиынды бірге жинаймыз деп шештік. Ең болмағанда қажетті ақшаның жартысын жинап, дәрігерге барып сөйлесеміз, ал сосын көре жатармыз. Енді ЭКҰ жасатқаннан да ештеңе шықпаса, онда жағдайым не болады деп мен қатты қорықтым, әрине. Бірақ бізде бәрі ойдағыдай болды. Біз ақша жинай бастадық та, бір жазда бүкіл қажетті соманы жинап қойдық.

Сол жаз бойы мен ЭКҰ орталығының форумын бағумен болдым, дәрігерлер туралы пікірлерді, бала туған әйелдердің кеңестерін оқыдым. Бәрі бұрыннан істеп келе жатқан дәрігерлерді мақтайтын, түсінікті ғой. Бірақ оларға жазылу үшін 2-3 ай тосу керек болды, ал мен күте алмайтын шыдамсыз адаммын. Мен үшін күткеннен қиын нәрсе жоқ. Маған бәрі бірден бола қалу керек. Сайттан Ләззат Кенжебайқызы Айтқожинаның фотосуретін көргенім есімде. Неге екенін білмеймін, бірақ тап соған барғым келді. Фотосуретін ғана көрсем де, жүзі өте жылы екенін аңғардым.

Мен оның қабылдауына жазылдым, келдім де бірден, жасым 31-де және одан әрі күте алмайтынымды, шұғыл түрде ЭКҰ жасағым келетінін айттым. Ләззат Кенжебайқызы күлді де, асығыстың қажеті жоқ деді. Алдымен тексерілу керек және, егер бәрі дұрыс болса, өз бетімше көтеруге тырысып көру керек деді. Тексеру барысында менде тек бір-ақ жатыр түтігі бар екені, оның өзі өтімсіз екені анықталды. Мен бұған, әрине, қатты таң қалдым, өйткені 2004 жылы менің аналық безімді алып тастаған кезде, дәрігердің қорытындысында жатыр түтігін алып тастау жайлы бір сөз болған жоқ. Маған лапароскопия тағайындалды. Ал мен қорқақ, маған операция кезінде толық наркоз жасасын деп дәрігермен алдын ала келісіп алдым. Ақырында түтігімді алып тастады. Мен жатырдан тыс жүктіліктің қаупінен сақтанып, егер түтік нашар болса, оны қалдырмай-ақ қойсын деп операцияның алдында өзім сұрадым. Қалпыма тез-ақ келдім. Аса бір қиналып кеткен сәттерде мен өзімді мұның бәрі ана болу үшін деп жұбата-тынмын. Менің ана болу жолым осылай басталды.

Шынымды айтқанда, пункциядан кейін жаман болдым, мен аналық бездерді шамадан тыс ынталандыру синдромына шалдықтым. Бір апта тамақ іше алмадым, жата алмадым, ішім ісіп кетті, бірақ мен бәріне шыдау керек деп тырыстым. Қондыру күні жақсы есімде. Ол кезде жұмыстан шығып кеткенмін. Ерім үйде болатын. Алдында дінге сенбейтінімді айттым ғой, бірақ неге екенін сол күні мен Мұхаммедтің мешітке барып дұға тілеуін өтіндім. Ол таң қалды, әрине, бірақ барды. Ертесіне сенбі күні мен бір түрлі жеңіл, сабырлы көңілмен РМИ-ға бардым. Форумда бір қыздың қондыруға барғанда ала жолақ болып киіну керек деп жазғаны есімде болатын, алдым да, іш киімім мен шұлығыма дейін түгел сөйтіп киініп бардым. Маған екі эмбрион қондырды.

Мұхаммед маған тиісті мерзімге дейін жүктілік сынағын жасап көруге қатаң тыйым салды. Мені үміттеніп, артынша түңіліп кетеді деп қорықты, мені кезекті күйзелістен қорғағысы келді. Үш күннен кейін мен еріме білдіртпей сынақтарды жасап көре бастадым. Төртінші күні екінші сызық әлсіз болып көрінді. Өмірімде бұл бірінші рет болып тұрса да, мен әрең көрінген сол сызықты нақ көргенімді біліп, көтергеніме сенімді едім. Шыдамсызданып, еріме сынақтың фотосын жібердім. Ол толқып, түсін-

бей, бұл не деп сұрай бастады. Мен «Көтердік!» деп жазып жатырмын. Білесіз бе, сол сәтте мен расымен де көтергенімді сездім. Мен жылай бастадым, құдайға алғысымды айтып, тура еңкілдеп жыладым! Күн өткен сайын сынақтар анағұрлым анық болып көрінді, мен әрқайсысын белгілеп жазып, интернеттен АХГ-ң мәндерін қарап жүріп, олардың егіз екенін түсіндім.

Жүктілік ауыр болды деп айта алмаймын, бірақ түсік қаупі болды, бүкіл кезең бойы мен гормондық қолдаумен болдым. Шамамен алты апта мерзімде қатты қан кетті, мен балапандарымнан айрылдым деп қорықтым. Ерім жұмыста, мен үйде жалғыз болатыным. Ләззат Кенжебайқызының менімен үнемі байланыста болғанын айту керек, сол үшін менің оған алғысым зор. Менің ішім қатты ауырып кетті, бәрінің бітуі мүмкін екенін ойлағым келмеді. Ләззат Кенжебайқызы маған дәрі егіп, жедел жәрдем шақыр деді. Жаман қатты ауырдым, түні бойы тамызыммен дәрі құйды. Бақытқа орай, бәрі оңалды. УДЗ көрсетуі бойынша бір эмбрионның жүрек соғысы бар, ал екіншісінде қанды ісік және бала жолдасының қабыршақтана бөліну қаупі болды. Менің баламмен сөйлескенім есімде, мен оның да өмір сүруі керек екенін, біз екеуін де тосып жүргенімізді айттым. Екі күннен кейін УДЗ екінші эмбрионның жүрек соғысын көрсетті. Олардың дамуы солай болған шығар. Қазір де ұлдардың бойы мен салмағында айырмашылық бар. Мұхаммед бүкіл жүктілік бойы маған өте қамқор болды. Біз екеуіміздің бірге аяғымыз ауыр болды десе де болады. Мерзім 30 аптаға толғанда әйелдер консультациясындағы дәрігер перзентханаға дайындала бастау керек, себебі егіздер жиі уақытынан бұрын дүниеге келеді деді. Оған мен балалар мықты болуы үшін тиісті мерзімге дейін көтергім келеді деп жауап бердім. Дәрігер күлді де, бәрі бізге тәуелді емес қой деді. Сонда да мен 39 аптаға дейін көтердім.

Ұлдарыма, олардың оқып-үйреніп, құлап-сүрініп, ойнап жүргеніне, өсіп келе жатқанына қараймын да, біздің заманымызда ҚРТ көмегімен ата-ана болуға мүмкіндіктің бар болуы мен үшін бақыт деп түсінемін. Бақыт – ол Мұхаммедімнің бәріне төзіп, мені қолдауын доғармай сүйгені. Бақыт – ол біздің осы қиын жолды бірге қол ұстасып өткеніміз және ғажап балалардың бақытты ата-анасы болғанымыз! Отбасынан артық құндылық жоқ!